

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері заңнамада және ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданады. Заңнамада және ҚМГ Жарғысында белгіленген шешімдерді қабылдау үшін қажетті кворум мен Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысына қарамастан, Компания анағұрлым маңызды мәселелер бойынша шешімдердің іштей отырыстарда қабылдануына, Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің шешімдер қабылдауға қатысуына ұмтылады және шешімдерді дайындау мен келісу үшін олардың Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің пікірі ескеріліп, қабылдануы үшін барлық ықтимал күш-жігерді жұмсайды.

Өзгелерден басқа, Директорлар кеңесі ҚМГ қызметінің басым бағыттарын белгілейді және ҚМГ даму стратегиясын бекітеді, елеуетті сатып алу мәселелері және қаржылық сипаттағы басқа да елеулі мәселелер (оның ішінде ҚМГ облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттары туралы), жасалуына мүдделілік бар мәмілелер мен мәмілелер сомасы бойынша, жер қойнауын пайдалану құқығын алу, беру (қайта табыстау) мәселелері бойынша елеулі мәмілелер жасасу туралы шешімдерді қарайды және қабылдайды, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жобаларды бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық әріптестермен бірлескен қызмет туралы, ҚМГ мен ҚМГ-нің еншілес ұйымдарының қатысуымен инвестициялық жобаларды келісу туралы шарттар (келісімдер) жасасуды жүзеге асырады, Компанияның корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асырады.

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі Компанияның Жарғысымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі және ұтымдылық пен тиімділік қағидаттарына сүйене отырып, жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспарына және отырыстар өткізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарай алады.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы шешімімен (№30/20 хаттама), үш тәуелсіз директорды қоса алғанда, жеті адамнан тұратын Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Компания Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар саны бөлігінде Кодекс талаптарына сәйкес келеді, оған сәйкес тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50%-тін құрайды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы шешімімен (№30/20 хаттама), үш тәуелсіз директорды қоса алғанда, жеті адамнан тұратын Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды. Тәуелсіз директор Директорлар Кеңесінің төрағасы болып табылады.

2017 жылы Директорлар кеңесінің құрамы тоғыз адамнан тұратын «Самұрық-Қазына» АҚ болып белгіленді. Уақыт өте келе құрамы қысқарып, 2019 жылдың басында Директорлар кеңесі жеті мүшеден тұрды. 2019 жылы тағы екі мүше сайланды. Директорлар кеңесінің алдыңғы құрамының өкілеттік мерзімі 2020 жылғы 28 маусымда аяқталды. Директорлар кеңесінің жаңа құрамы «Самұрық-Қазына» АҚ-пен 2020 жылғы 17 тамызда жеті адам санында белгіленді.

Сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі шешімімен (№8/2020 хаттама) Директорлар кеңесінің Аудит; Тағайындау және сыйақылар; Стратегия және қоржынды басқару; Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеттерінің жаңа құрамдары сайланды, сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесінің Қаржы комитеті таратылды.

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі ҚМГ Жарғысында және өзге де нормативтік құжаттарда айқындалады, акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады және кандидатураларды іздеу мен жалдауды жүзеге асыру кезінде ашықтық, әділдік және кәсіпқойлық қағидаттарымен негізделген.


Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің және өзге де тұлғалардың өкілдері ретінде сайлауға ұсынылғандардың ішінен сайланады, Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар лауазымдық функцияларды орындау және Компанияның ұзақ

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің құрылымы

● Бірінші тоқсан ● Екінші тоқсан ■ Үшінші тоқсан

	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Өкілеттіктер мерзімі аяқталды
Тәуелсіз директорлар								
Уолтон Кристофер Джон, Төраға	●	●	●	●	●	●	■	
Холланд Филип Малкольм							●	
Миллер Тимоти Глен							●	
Уайт Стивен Джеймс				●	●	●	●	× маусым
Дайер Филип Джон					●	●	●	× маусым
Виана Палья да Силва Луис Мария						●	●	× маусым
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері								
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы			●	●	●	●	●	
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы					●	●	●	
Эспина Энтони						●	●	
Грюал Балжит Каур			●	●	●	●	●	× маусым
Атқарушы директор (Басқарма төрағасы)								
Айдарбаев Алик Серікұлы					●	●	●	

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОРТАША ЖАСЫ



7

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны

~63 ЖАС

Директорлар кеңесі мүшелерінің орташа жасы

Директорлар кеңесінің жеті мүшесінің ішінде Қазақстан азаматтары үш адам, Біріккен Корольдік – үш адам, Америка Құрама Штаттары – бір адам болып табылады.

мерзімді құны мен орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімге, дағдыларға және тәжірибеге ие болуы, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделге ие болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасын акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

Тәуелсіз директорлар «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі №35/16 шешімімен бекітілген компаниялары директорлар кеңесінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес іріктеледі.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарау кезінде қатарынан алты жылдан астам мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі (бұл жағдайда тәуелсіз директорлар үшін Компания барлық мүдделі тараптарға осындай қажеттілікті ашатын егжей-тегжейлі және сенімді негіздеме дайындалатын болады).

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕР БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ (2020 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДА)



Директорлар кеңесінің әртүрлі бағыттар бойынша құрылымы кәсіби білім мен дағдылар тұрғысынан құрамның теңгерімділігімен сипатталады.



2014 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні:

1957 жылғы 19 маусым.

Білімі:

- ◆ Батыс Австралия Университеті, өнер бакалавры (саясаттану);
- ◆ Батыс Австралия Университеті, іскерлік әкімшіліктендіру магистрі (MBA), қаржы;
- ◆ Корольдік Аэронавигациялық қоғамның құрметті мүшесі;
- ◆ Директорлар институтының құрметті мүшесі.

Жұмыс тәжірибесі

Сонымен қатар, Крис Уолтон Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады, сондай-ақ ол Ұлыбританияның Сүңгуір қайықтарын жеткізу агенттігінде Аудит төрағасы мен Корольдік әскери-теңіз флоты үшін Кеме жасау жөніндегі стратегиялық кеңестің (The Royal Navy's National Shipbuilding Strategy Client Board) атқарушы емес мүшесінің қызметтерін қоса атқарды. Сонымен бірге, ол Лондондағы Қайырымдылық қордың Ерікті азаматтары гильдиясының қамқоршысы болып табылады.

Бұрын Asia Resource Minerals Plc («Азия минералдық ресурстар») көмір өндіру компаниясы, Goldenport Shipmanagement Ltd операторлық холдингі, Lothian муниципальдық автобус компаниясы секілді орындарда басқарма төрағасы болды. Сонымен бірге, ол Rockhopper Exploration Plc мұнай өндіру компаниясында аға тәуелсіз директоры, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ-тағы аудит жөніндегі комитеттің төрағасы мен Ұлыбританияның Мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және спорт департаментінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің атқарушы емес мүшесі лауазымдарында жұмыс істеді. 2002 жылдан бастап 2005 жылға дейін Англия Банкінің (SE England & Anglia) Өңірлік экономикалық консультативтік кеңесінің мүшесі болды.

EasyJet Plc қаржы директорының лауазымында жұмыс істеді, онда компанияның IPO-сын табысты басқарды. Qantas, Air New Zealand, Australia Post пен Australian Airlines ірі австралиялық авиакомпанияларында жоғары қаржы және коммерциялық лауазымдарды атқарды. Австралиялық қарулы күштерінің резервінде қызмет етті.

Директорлар институтының және Корольдік Аэронавигациялық қоғамының құрметті мүшесі болып табылады.

Қоса атқаратын жұмысы:

The Guild of Freemen of the City of London – директор (қайырымдылық басқармасы);

Guild of Freemen of the City of London's Charity – қамқоршы;

Submarine Delivery Agency (a government department) — атқарушы емес директор;

National Shipbuilding Strategy Client Board – тәуелсіз мүше.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.

2018 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні:

1963 жылғы 19 мамыр.

Білімі:

- ♦ В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, мамандығы — «мұнай және газ кен орындарын игеру технологиясы және оны кешенді механикаландыру».

Жұмыс тәжірибесі

1985 жылдан бастап 1995 жылға дейінгі кезеңде «Жетібаймұнай» МГӨБ-те оператор-технолог, одан кейін «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің «Жетібаймұнай» МГӨБ қабаттық қысымды қолдау цехы бастығының орынбасары, қабаттық қысымды қолдау учаскесінің бастығы, мұнай және газ өндіру цехының бастығы, «Оңтқаз-мұнайгаз» ГАҚ бас директорының орынбасары және бірінші вице-президенті болып жұмыс істеді.

Өртүрлі жылдарда «ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ бас директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, ҚМГ-нің барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры, Маңғыстау облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму жөніндегі бірінші вице-министрі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары лауазымдарында жұмыс істеді.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



Айдарбаев А.С.
Мұнай-газ саласы

2020 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні:

1954 жылғы 25 желтоқсан.

Білімі:

- ♦ Лидс университеті (Ұлыбритания), азаматтық құрылыс саласындағы ғылым бакалавры;
- ♦ Крэнфилд технологиялық институты (Ұлыбритания), «инженерия / құрылысты басқару» мамандығы бойынша ғылым магистрі.

Жұмыс тәжірибесі

1976 жылы Лидс университетін бітіріп, 1980 жылы Ұлыбритания мен Сауд Арабиясында жұмыс істегеннен кейін әлемнің түрлі елдеріндегі ірі мұнай-газ жобаларын басқара отырып, Bechtel Corporation-ға қосылды. 2004 жылы Shell-де Shell Global Solutions жобалар жөніндегі вице-президент лауазымында жұмыс істей бастады. 2009 жылы Shell жаңадан құрылған жобалар және технологиялық бизнес бөлімшесінде даунстрим (downstream) жобалары жөніндегі атқарушы вице-президент болды. 2010 жылы Қазақстандағы екінші сатыдағы Қашаған жобасының директоры болып тағайындалды. Одан әрі Әл-Қараана Shell\QP мұнай-химия жобасында жұмысын жалғастырды. 2013 жылдан бастап жобаларды басқару жөніндегі тәуелсіз кеңесші болып жұмыс істеді.

Velocys PLC компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы, сондай-ақ EnQuest PLC компаниясының атқарушы емес директоры және қауіпсіздік, климат және тәуекелдер жөніндегі комитетінің төрағасы болып табылады.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



Холланд Ф.М.
Мұнай-газ саласы,
жобаларды бағалау,
денсаулық сақтау
және қауіпсіздік



Қарабалин Ұ.С.
Мұнай-газ саласы,
стратегия

2016 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні:

1947 жылғы 14 қазан.

Білімі:

- ◆ И.М. Губкин атындағы Мәскеулік мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты, мамандығы – «тау-кен инженері»;
- ◆ И.М. Губкин атындағы Мәскеулік мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтының аспирантурасы;
- ◆ техникалық ғылымдар кандидаты;
- ◆ техникалық ғылымдар докторы;
- ◆ Қазақстан Республикасының Ұлттық және Халықаралық инженерлік академияларының академигі.

Жұмыс тәжірибесі

Әр жылдарда «Қазмұнайгазбарлау» басқармасының Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясында, Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық-барлау мұнай институтында, «Каспиймаңыгеология» аумақтық басқармасында, В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының Гурьев филиалында, Қазақстан Республикасының Президенті аппаратының өнеркәсіп бөлімінде және Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінде жұмыс істеді.

Өртүрлі жылдарда ҚР Энергетика және отын ресурстары министрлігінің Мұнай және газ басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары, «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ бірінші вице-президенті және президентінің міндетін атқарушы, «ҚазТрансГаз» АҚ президенті, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ президенті, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «Қазақстандық мұнай және газ институты» АҚ бас директоры, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің бірінші орынбасары болып жұмыс істеді.

«ҚазТрансОйл» ЖАҚ, «Мұнай мен газ тасымалдау» ҰК ЖАҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ пен «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, KAZENERGY қауымдастығының үйлестіру кеңесінің төрағасы, «ҚазРосГаз» ЖШС байқау кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық инвесторлар кеңесінің мүшесі, Атырау мұнай және газ университетінің Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚМГИ» АҚ Директорлар кеңесі мүшесі (тәуелсіз директор) лауазымдарында жұмыс істеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 9655 жай акцияларына иелік етеді.

2018 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні:

1970 жылғы 31 қазан.

Білімі:

- ◆ Стэнфорд Университеті, Жоғары бизнес мектебі, Stanford Executive Program (SEP);
- ◆ Назарбаев Университеті, Жоғары бизнес мектебі (Duke University's Fuqua School of Business-пен бірлескен бағдарлама), Executive MBA, іскерлік өкімшіліктендіру (басқарушы кадрларға арналған) магистрі;
- ◆ Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресейлік халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, экономика магистрі;
- ◆ Халықаралық мемлекеттік қызмет және басқару институты (ХМҚБИ), қоғамдық сектордағы қаржы кафедрасы, бағыты – «экономика», «Қаржы экономикасы» бағдарламасы;
- ◆ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, мамандығы – «механик, қолданбалы математика».

Жұмыс тәжірибесі

Өртүрлі жылдарда «ТасСат» ЖШС директоры, «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания» ЖАҚ клиринг департаментінің менеджері, бастығы, Нұр-Сұлтан қ. Өкілдігінің экономика жөніндегі вице-президенті, басқарушы директоры, «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы» АҚ жобаларды басқару департаментінің бастығы, «Қазақстандық электр желілерін басқару компаниясы» АҚ (KEGOC) қаржы директоры, экономика жөніндегі вице-президенті болып жұмыс істеді.

«Қазақстандық электр желілерін басқару компаниясы» АҚ (KEGOC) бірінші вице-президенті, «KEGOC» АҚ бойынша топтың директор-жетекшісі, «Самұрық» қазақстандық мемлекеттік активтерді басқару холдингі» АҚ электр-энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, Қазақстандық электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы» АҚ (KEGOC) басқармасының төрағасы, бірінші вице-президенті, президенті, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ басқармасының төрағасы, «KAZENERGY» Қазақстандық мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ төрағасының орынбасары, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ активтерді басқару дирекциясының басшысы болды.

«Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ пен «Қазатомөнеркәсібі» ҰАК» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстандық электр-энергетикалық қауымдастығының Директорлар кеңесінің мүшесі, Дүниежүзілік энергетикалық одақтың (WEC) Қазақстандық ұлттық комитетінің төрағасы, KAZENERGY қауымдастығы кеңесінің мүшесі, KAZENERGY қауымдастығының энергетикалық саланы дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы, «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы Энергетика комитетінің төрағасы, «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы төрағасының мүшесі, «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ жанындағы Энергетикалық және электр-техникалық машина жасау комитеті төрағасының лауазымдарында жұмыс істеді.

2021 жылдың 29 наурызында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының төрағасы болып тағайындалды.

Энергетика саласындағы жұмысы үшін Қазақстандық электр-энергетикалық қауымдастығынан «ТМД еңбегі сіңген энергетигі» деген құрметті атақ алды.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



Сәтқалиев А.М.

Мұнай-газ саласы,
жекешелендіру,
стратегия,
корпоративтік қаржы



2019 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні:

1948 жылғы 27 маусым.

Білімі:

- ◆ Оңтүстік Квинсленд университеті, бизнес бакалавры;
- ◆ Цифрлық трансформация мен инновациялық көшбасшылықтағы атқарушы магистр.

Жұмыс тәжірибесі

Қызметін 1969 жылы Австралияда компьютерлік бағдарламашы ретінде бастады. 1971 жылы ең ірі кеме жасаушыға бизнес-қосымша әзірлеп, компьютерлік жүйелер талдаушысы болып жұмыс істеген Гонконгқа қайтып келді. 1973 жылы Arthur Andersen & Co. Компаниясында аудитор ретінде жұмыс істей бастады, ал 1982 жылы ол әріптеске дейін өсті. Клиенттері арасында – Гонконгтың ірі банктері, сақтандыру компаниялары, қорларды басқару компаниялары мен Үкіметі. Осы уақытта, халықаралық банктерге стратегиялық АТ-жоспарлар әзірлеуде және банк жүйелерін енгізуде көмек көрсетуден басқа, ол, кем дегенде, Гонконг тұрғындарының жалпы санынан (7,5 миллион адам) 3 млн адам тұрған Гонконгтың Тұрғын үй шаруашылығы басқармасына тұрғын үй бойынша деректер базасын әзірледі. 1977 жылы – Гонконг компьютерлік қоғамдастығының президенті.

1986 жылы Deloitte компаниясында консалтинг үшін жауап беретін әріптес ретінде жұмысқа кірісті. Deloitte компаниясында жұмыс істегенде, Гонконг Үкіметіне ұзақ іссапарға жіберілді, онда ол Гонконг қор биржасы үшін клиринг және есеп жүргізудің орталық жүйесін әзірледі.

1991 жылы өзінің бағалы қағаздар саудасы мен инвестициялық консультация бойынша бизнесінің негізін қалады. 2005 жылы ол Гонконг Бағалы қағаздар қауымдастығының төрағасы болды және қазіргі уақытта Қауымдастықтың тұрақты құрметті президентті болып табылады. 2012 жылы ол Қазақстанның ең ірі банктерінің ондығына кірген АСҚ Банкі сатып алу мәселелері бойынша консультация берді, ал 2013 жылдың мамырында АСҚ Банкі Басқармасының төрағасы болды. 2019 жылғы сәуірде ол Басқарма төрағасының постынан кетті. 2014 жылдың шілдесінен бастап 2017 жылдың мамырына дейін ол Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорының (БЖЗҚ) – Қазақстанның орталық жинақ қорының тәуелсіз директоры болды.

Гонконгтың дипломы бар бухгалтерлер институтының ғылыми қызметкері, Австралияның дипломы бар бухгалтерлер институтының мүшесі және Гонконг директорлар институтының мүшесі болып табылады.

Қоса атқаратын қызметі:

- ◆ Amber Hill Financial Holdings Limited, Target Insurance (Holdings) Limited (Гонконг қор биржасында тіркелген) директорлар кеңесінің атқарушы емес тәуелсіз мүшесі).

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.

2020 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні:

1959 жылғы 13 қараша.

Білімі:

- ◆ Техас технологиялық университеті (Лаббок, Техас, АҚШ), машина жасау саласындағы ғылым бакалавры.

Жұмыс тәжірибесі

2000 жылдан бастап Saudi Arabian Texaco, Inc. (бейтарап аймақ — Кувейт), Texaco Exploration and Production президентінің көмекшісі болып жұмыс істеді. 2003 жылдан бастап 2010 жылға дейін Chevron корпорациясының бөлімшелерінде әртүрлі лауазымдарды атқарды: басқару жөніндегі демеуші (Сан-Рамон, Калифорния, АҚШ), Бразилия бойынша елдік менеджер (Рио-де-Жанейро, Бразилия), Шығыс Калимантан бағыты бойынша аға вице-президент (Баликапан, Индонезия).

2010 жылы «Теңізшевройл» ЖШС (Атырау, Қазақстан) бас директоры болып тағайындалды және осы лауазымда бес жыл жұмыс істеді. 2015 жылдан бастап «Шеврон» корпорациясына «Еуразия» бизнес-бөлімшесінің басқарушы директоры (Алматы, Қазақстан) лауазымына оралды. 2018 жылы «Шеврон» компаниясындағы жұмысын аяқтағаннан кейін «Шеврон» корпорациясының «Еуразия» бизнес бөлімшесі бойынша операциялық компания президентінің кеңесшісі болды (Фриско, Техас, АҚШ).

2019 жылғы мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін — Integrated Global Services (IGS) атқарушы директоры (Қазақстан Республикасы) және жаһандық операциялар жөніндегі аға кеңесші (Ричмонд, Вирджиния, АҚШ).

Өзге де қызмет түрлері / лауазымдар:

- ◆ Қазақстандағы Америка сауда палатасының директорлар кеңесінің құрамына кірді (2010-2018 жылдар);
- ◆ ValvTechnologies, Inc. Директорлар кеңесінің құрамына кіреді (Хьюстон, Техас) – 2019 жылдан бастап, PSI-Clough бірлескен кәсіпорны (Алматы, Қазақстан) – 2020 жылдан бастап;
- ◆ әр жылдары шақырылған дәріскер болды: KAZENERGY шеңберінде мұнай-газ саласындағы мансап бойынша мастер-класс, Назарбаев Университетінің Жоғары бизнес мектебі, Нархоз университеті, Техас A&M университетінің Mays School of Business, Қазақстан-Британ техникалық университеті.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



Миллер Т.Г.

Мұнай-газ саласы,
тәуекел-менеджмент,
денсаулық сақтау
және қауіпсіздік